

С. М. Иманғали, біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау институтының аға оқытушы-әдіскері, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қашықтықтан оқыту: Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерін оқытудың жаңа мүмкіндіктері

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасы ІІМ кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінде қашықтықтан оқыту сұрақтары қарастырылған. Қашықтықтан білім берудің негізгі технологиялары бойынша оқу бағдарламаларының нұсқалары көрсетілген: кейс-технологиялары; TV-технологиялары; жүйелік технология. Қашықтықтан білім беру жүйесін Қазақстан Республикасы ІІМ бірыңғай ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне дамыту нұсқалары ұсынылды.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, TV-технология, жүйелік технология, кейс-технологиялар.

Соңғы жылдары ТМД елдерінің ІІМ жүйесіндегі ведомстволық жоғары оқу орындары компьютерлік телекоммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін қызметкерлерді оқыту үдерісіне енгізуде. Ол нысан қашықтықтан оқыту деген атқа ие болды. ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында Біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау институтында сабақтардың жаңа интерактивті түрлерін қолданылуымен, қашықтықтан оқыту технологиясы біздің институтымыздың оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеулік объектісі болды.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқытудың негізгі мазмұны қандай тасымалдағышта болмаса да (интернеттік жүйеде, компакт дискіде) тек оқытушымен тыңдаушы арасында ғана емес сонымен қоса тыңдаушылардың өздерінің арасында да жүйелік және нәтижелі интерактивтілік қамтамасыз етіледі [1]. Өзара әрекеттестік телекоммуникациялық технологиялардың негізінде жүзеге асырылады. Оқу материалдарын ұйымдастыруда және оқытушымен байланыста болу мақсатында нәтижелі екі жақты байланыстар, телекоммуникациялардың көмегімен жүргізіледі.

Қазіргі уақытта оқытудың мақсұмының, әдісін және ұйымдастырушылық формаларын сапалы өзгерту өзекті мәселе болып табылады, сонымен қатар қашықтықтан оқыту технологиялардың барлық жетістіктері ҚР ІІМ кадрларының біліктілігін арттыруда қаншалықты тиімді және қолжетімді екенін анықтау қажет.

Қашықтықтан оқыту сырттай оқыту тәрізді — оқытушы мен тыңдаушы кеңістікте бір-бірінен алыс орналасатыны белгілі. Осы жерде оқыту-тәрбиелік процестің барлық сипаттары (оқытушы, оқулық, оқыту құралдары, оқытудың сәйкесінше әдістері және ұйымдастыру түрлері) айқын көрінеді.

Қашықтықтан оқытудың ерекшелігі, оқытудың процесіне ыңғайлы еп-дағдыларды қамтамасыз етеді. Компьютерлік технологиялардың негізінде арнайы оқу орнына бармай өзіңе ыңғайлы сабақ кестесі бойынша оқуға болады. Осы жерде оқыту технологиясын таңдай білу үлкен рөл атқарады.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқу ақпаратын жеткізудің негізгі үш түрі қарастырылады:

- кейс-технологиялар (оқу материалдарын компакт дискісіне жазу);
- TV-технологиялар (интерактивті теледидардың көмегімен);
- жүйелік технология (интернет арқылы).

Қашықтықтан оқыту саласындағы ғылыми-техникалық, педагогикалық және инновациялық сараптамалардың негізінде біздің тыңдаушылар компьютерлік техникамен және интернетпен қамтамасыз етілудің әртүрлі жағдайларында болуынан біз кейстік және жүйелік технологияларды құрамдастыру жолымен бардық.

TV-технологиялар айтарлықтай қымбат. Бірақ мысалға басқа оқу орындарымен бірге дөңгелек үстел немесе «сұрақ-жауап» форматында өткізілетін бейнеконференция сияқты

сабақтардың жекелеген түрлерін өткізуде біз ол технологияны да қолданудан бас тартпайтын едік.

Академияда компьютерлік техникамен, кеңсе техникасымен және жоғары жылдамдықты байланыс жүйесімен, қажетті оқу-әдістемелік және ғылыми-ақпараттық базасын құруда үлкен жұмыстар атқарылды. Әсіресе институттың оқытушы-әдіскерлерімен және оқу үдерісіне қатысатын кафедралардың профессорлық-оқытушылық құрамымен біріге отырып қашықтықтан оқыту курстарының әдістемесі мен құрылымын құруда өте үлкен еңбек атқарылды. Тыңдаушыға оқу материалдарын, дәрістерді тек компьютерлік мәтін ретінде беруге болар еді. Бірақ біз білімдерді қалыптастыру және оқу материалдарын жеткізудің сұрақтарына ерекше көңіл бөлдік.

Институтта бірнеше жыл бойы электронды оқу-ақпараттық бағдарламаларды құрастыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Әр бағдарлама оқылатын тақырыптар бойынша дәрістер, жекелеген жағдайларды қарастыру мен тәжірибелік сабақтар, білімдерді қабылдау, тексерудің бастапқы, аралық бітіру бақылаулары бойынша әмбебап модуль қағидасы ретінде құрастырылған.

Гипермәтіндік технологиялардың негізіндегі бағдарламаларды құру екі дара және функционалды байланысы бар базалардың біріктіру болып келеді, олар: оқытушылардың және институттың оқытушы-әдіскерлердің атқарылған жұмыстарының негізінде құрылған білім базасы және шеберлік базасы (кәсіптік жағдайлардың жиыны). Бұл, тыңдаушыларға бағдарламамен қажет етілетін білімнің максималды көлемін ғана бермейді, сонымен қатар әр тыңдаушының кәсіби шеберлігінің деңгейіне байланысты жіктелі оқытуға мүмкіндік береді. Осыдан, осындай жүйелер үздіксіз режим ретінде оның толық құрылымын қамтамасыз етеді деуге болады, тыңдаушы материалдың өзінің қалаған орнына кіріп, материалды қабылдауына байланысты бірнеше рет қайталауға мүмкіндігі болады.

Академияда қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ететін компьютерлік ақпараттық жүйе — Платонус. Платонус режимінде аталған оқу модульдері өздігінен электрондық оқу құралы деп белгіленеді, тыңдаушының өзіндік оқу жұмысы режимін қарастырады және оқытушы әдеттегі нұсқаушыдан, кеңесшіге ауысады. Бағдарламаның әр мағыналы бөлігі тәжірибелік (жаттығулар немесе жағдайды қарастырады) немесе бақылау тапсырмасымен (тестілеу) аяқталады. Соңында тақырып бойынша сынақпен аяқталады.

Осындай оқыту модулін шығару үшін оқытушы, оқу кезінде болуы мүмкін қиындықтарды ойластыруы және білуі, пайда болатын сұрақтардың максималды түріне жауап беруі қажет. Ол тыңдаушының өздігінен оқыту процесінде сырттай көрінбей қатысып отыруы керек. Сонымен қатар оқытушымен әрдайым электрондық пошта арқылы байланысқа шығуға болады және сұрақтар қойып ашық түрде кеңес-жауап алуға болады. Осыда интерактивтілік көрінеді. Осылайша, оқу-ақпараттық бағдарламалардың материалдары қашықтықтан оқыту курстарының негізгі элементтері болып табылады.

Жалпы, қашықтықтан оқыту курсы бойынша біздің оқу бағдарламамыз өзіне әртүрлі интерактивті сабақ түрлерін қосады: ең алдымен курстың тақырыптары бойынша электронды-білім беру бағдарламасының негізінде оқытушымен өзінің дайындығы, олар тыңдаушыға CD-дискіде немесе интернет арқылы берілуі мүмкін; оқытушының және басқа тыңдаушылардың қатысуымен онлайн режимінде өтетін сабақтар (мысалға іскерлік ойындар, бейне конференциялар), бұл жерде қажетті жабдықтарға байланысты бірнеше нұсқалары болуы мүмкін.

Институтта 2012 жылы қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша жобалы түрде біліктілікті арттыру курстары ПО қызметкерлерінің бір санаты үшін жүргізілген. Ол институттың компьютерлік сыныбының базасында, бірақ қашықтықтан оқыту режимінде жүргізілді. Жобаның нәтижесінде қашықтықтан оқытудың бағдарламасы, оқу-тақырыптық жоспарлары, сабақтардың түрлері, реферат тақырыптары, кіріс-шығыс бақылауының сұрақтары анықталды, электронды түрдегі негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі реттелді. Соңғы жылдарда курстардың сызбасы, оның құрамы, оқыту әдістемесі, оқу материалының толықтығы қайта қарастырылды.

Институттың білім беру порталын құру бойынша және оны кейіннен Қазақстан Республикасының ПМ қызметкерлерін қашықтықтан оқыту жүйесіне қосу сұрақтарын қарастыру қажет. Сонымен бірге бірнеше қиындықтар туындайды. Біріншіден, жиындардың санаттарын есепке алу керек. Үнемі заңнамалық база да өзгеріп отырады. Курстар үнемі толықтырылып өзгеріп отыруы қажет. Шеберліктеріне, білімдеріне, қажеттіліктеріне қарай курстардың тақырыптары өзгеріп отыруы тиіс. Ал бұл жай ғана дәрісті қайта жазу емес, бұл үшін ақпараттардың негізінде оқытудың құрамын толығымен өзгерту қажет.

Ақпараттық технологиялар саласында жоғары білікті маманның болмауы және оқытушы-тьюторларды оқытудың мәселесі бар. Қашықтықтан оқыту курстарын құру үшін оқытушыларды тарту сұрағы да бар, себебі бұл жұмыс өте үлкен оқу жүктеме болып келеді. Сонымен қатар тәжірибелік орындарында да жұмыстар атқару қажет. Қызметкер-тыңдаушы курстарды өздігінен оқу үшін оны біліктілігін арттыруға ынталандыру (қызықтыру) керек. Оның қызметте өсуі, атақтардың берілуі және марапаттаудың басқа түрлері де оқытудың нәтижесінде болу керек. Және ол жұмыс орнында курстардан өтуі үшін материалдармен жұмыс жасау мақсатында заманауи компьютерлік технологиялар жабдықталуы қажет. Осындай жағдайлардан ең алдымен қашықтықтан оқытудың сапасы тәуекелді болады [ii].

Осылайша құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби дайындығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін академияда қашықтықтан оқыту жүйесін құрастыруда және дамытуда барлық жағдайларды ұйымдастыру — Біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау институтының міндеттерінің бірі болып табылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы дистанционного обучения в системе повышения квалификации и переподготовки кадров МВД РК, виды учебной информации по основным технологиям дистанционного обучения: кейс-технологии, TV-технологии, сетевой технологии. Предложены варианты развития системы дистанционного обучения в рамках единой информационно-телекоммуникационной сети МВД РК.

RESUME

The article considers the issues of distance learning in the system of training and retraining of personnel of The Ministry of internal Affairs of Kazakhstan. Shows the types of educational information on the major distance learning technologies: case-technology, TV-technology, network technology. The proposed options for the development of distance learning system in the framework of the unified information and telecommunication network of the Ministry of internal Affairs of RK.

Медицинское правонарушение — это такое поведение (активное или пассивное) медицинского работника, которое приводит или может привести к причинению вреда здоровью пациента в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения профессиональных обязанностей

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

i. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында білім беру технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 16 қаңтардағы № 32 бұйрығы // adilet.zan.kz/kaz

ii. «Ересектерге педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша қосымша білім беруді (деңгейлік бағдарламалар бойынша курстарды) ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 630 бұйрығы // edu.gov.kz